www.aigak.kz
RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET
# АЙҒАҚ
MEDIA
Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń
Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri
Instagram YouTube Facebook Telegram
№01-02 /sársenbi/ 14 qańtar 2026 jyl

## Айда БАЛАЕВА: ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН ТЕСТ ТАПСЫРАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларын жүзеге асыру аясында Премьер-министрдің орынбасары – мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева Үкіметтің 2025 жылғы желтоқсанда қабылдаған 2030 жылға дейінгі көші-қон саясаты тұжырымдамасының негізгі ережелерін түсіндірді.

Оның айтуынша, қазіргі заманда көші-қон саясаты қоғамдағы, экономикадағы және әлемдегі өзгерістердің айқын көрсеткішіне айналып отыр. Сондықтан көптеген елдер өз көші-қон саясатын қайта қарап жатыр. Қазақстан да бұл бағытта нақты қадамдар жасап, көші-қон жүйесін заман талабына сай жаңартып келеді. Ол ашық әрі айқын болып, ең бастысы мемлекет пен азаматтардың мүддесіне қызмет етуге тиіс.

2025 жылғы желтоқсанда Үкімет 2030 жылға дейінгі көші-қон саясатының тұжырымдамасын қабылдады. Бұл құжатта экономиканың қажеттілігі, азаматтардың мүддесі мен ұлттық қауіпсіздік мәселелері жан-жақты қарастырылған.



Ең алдымен, біз Қазақстан азаматтарының мүддесін басшылыққа аламыз. Шетелдік жұмыс күші тек нақты кадр тапшылығы бар салаларға ғана тартылады. Көші-қон бағыт-бағдары өңірлер мен нақты жобалардың сұранысына сай қалыптасады, – деді ол.

Бұл ретте басты назар «Заң және Тәртіп» қағидатының сақталуына салынатын болады.

Заң бәріне ортақ. Сондықтан көші-қон талаптарын бұзғандар жауапкершіліктен сырт айналып кете алмайды. Бұл талап мигранттарға да, жұмыс берушілерге де бірдей қолданылады. Қауіпсіздік елге кіруден бастап, елден шығуға дейін толық қамтамасыз етіледі.

Біздің мақсатымыз – Қазақстанға заңды сыйлайтын, мәдениетімізді құрметтейтін адамдардың келуі, – деп атап өтті министр.

2026 жылғы қаңтардан бастап жаңа тәртіп енгізіледі. Шетел азаматтары, соның ішінде этникалық қазақтар, алдын ала іріктеуден өтеді. Оған мемлекеттік тілді білу тесті, цифрлық сауалнама, уәкілетті органдардың тексерулері және әңгімелесу кіреді.

Мемлекеттік қолдауға үмітті қандастарымыз үшін арнайы тәртіп бар.

Мемлекеттік жеңілдіктер мен қолдау бағдарламаларын пайдалану үшін олар қандас мәртебесін рәсімдеп, еңбек күші тапшы өңірлерге қоныстануы керек. Бұл – Ақмола, Абай, Қостанай, Павлодар, Атырау, Батыс, Шығыс және Солтүстік Қазақстан облыстары.

Біз отандастарымызды мемлекеттік стратегияны ұстануға шақырамыз. Өңірлік квота кірген қандастар көшіп келген кезде 5 жылға әлеуметтік келісімшарт жасайды. Мемлекет оларға көшуге, баспанаға және жұмысқа орналасуға көмектеседі.

Ал егер отбасы бес жыл өтпей басқа өңірге көшсе, алған көмекті қайтаруға тиіс болады, – деп түсіндірді Аида Балаева.

Сонымен қатар балама жол да бар. Яғни, мемлекеттік қолдаусыз, жалпы тәртіппен тұрақты тұруға рұқсат алу. Бұл жағдайда өңірді өз қалауыңызша таңдай аласыз.

Министрдің айтуынша, жаңа көші-қон саясаты кезең-кезеңімен енгізіледі. Қоғамның, бизнестің және өңірлердің пікірі ескеріледі. Заңды құрметтейтін, адал азаматтарға әрдайым басымдық беріледі. Цифрлық құралдар заңсыз әрекеттер мен жалған құжаттарды жоюға мүмкіндік береді.

Көші-қон мәселесі заңды, қауіпсіз әрі бақылауда болуға тиіс. Тек сонда ғана ол мемлекетіміз бен азаматтарымыздың мүддесіне сай келеді, – деп түйіндеді ол.

## 2026 ЖЫЛҒА ДЕЙІН ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ БАРЛЫҚ ЕЛДІ МЕКЕН БАС ЖОСПАРМЕН ТОЛЫҚ ҚАМТЫЛАДЫ



Түркістан облысында елді мекендердің аумақтық дамуын жүйелеу, сәулеттік келбетін жақсарту және қала құрылысы талаптарын біріздендіру бағыттындағы жұмыстар қарқынды жүргізіліп келеді. Облыстағы барлық елді мекенді бас жоспармен қамту мәселесі – өңір дамуының басым бағыттарының бірі. Қазіргі таңда бұл көрсеткіш бойынша Түркістан облысы республика көлемінде алтыншы орында тұр.

Облыс аумағында жалпы саны 801 елді мекен бар. Оның 794-і бас жоспармен толық қамтылған. Қалған 7 елді мекеннің бас жоспарларын әзірлеу жұмыстары жоспарға сәйкес 2026 жылы толық аяқталады. Осылайша, алдағы екі жылда Түркістан облысындағы барлық елді мекен заманауи талаптарға сай бас жоспармен қамтамасыз етілмек.

Аталған мәселе облыс әкімдігінде өткен арнайы мәжілісте кеңінен талқыланды. Жиын барысында сәулет және қала құрылысы саласындағы атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы жоспарлар қаралып, жауапты тұлғаларға нақты тапсырмалар жүктелді. Өңір басшысы Нұралхан Көшеров басқарма басшылары мен аудан, қала әкімдеріне бұл бағыттағы жұмысты одан әрі жандандыруды тапсырды.

– Сәулет және қала құрылысы саласында еліміздің өзге өңірлеріндегі және шетелдердегі озық тәжірибелерді кеңінен қолдану қажет. Аудан мен қалалардың сәулеттік келбетін жақсарту, урбанистикалық дамуын ілгерілету бойынша нақты жұмыс кестесін бекітіп, жүйелі түрде жұмыс атқарыңыздар. Елді мекендердің бас жоспарлары мен құрылыс салу және даму схемалары белгіленген мерзімде әзірленуі тиіс. Сонымен қатар аудан және қала орталықтарының көркін арттыру мақсатында сәулеттік дизайн әзірлеу бойынша кешенді шараларды күшейтіңіздер. Сәулет-жоспарлау тапсырмаларын, эскиздік жобаларды келісу, нысандарды пайдалануға қабылдау және мемлекеттік қала құрылысы кадастрының геопорталына енгізу жұмыстары тұрақты жүргізілуі керек, – деді облыс әкімі.

Мәжілісте Түркістан облысының сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Қуаныш Асанов баяндама жасап, алдағы жылдарға арналған жоспарлармен таныстырды. Оның айтуынша, бас жоспарларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігіне байланысты облыс әкімдігі тарапынан 2025–2029 жылдарға арналған арнайы жол картасы бекітілген. Осы кезеңде 390 елді мекеннің бас жоспарын әзірлеу және түзету көзделіп отыр.

Атап айтқанда, 2025 жылы – 106 елді мекеннің, 2026 жылы – 84 елді мекеннің, 2027 жылы – 76 елді мекеннің, 2028 жылы – 65 елді мекеннің, ал 2029 жылы 59 елді мекеннің бас жоспарына түзетулер енгізіледі. 2025 жылы облыстық сәулет және қала құрылысы басқармасы тарапынан 30 елді мекеннің, аудан және қала әкімдіктері тарапынан 76 елді мекеннің бас жоспарын әзірлеу жұмыстары басталып, бұл жұмыстар 2026 жылға өтпелі жоба ретінде жалғасады. Сонымен қатар Түркістан облысының аумақтарын қала құрылысын жоспарлаудың кешенді сызбасы әзірленіп, тиісті мемлекеттік мекемелермен келісілген.

Жалпы өңірде қала мен ауылдардың сәулеттік келбетін жақсарту бағытында бірқатар жүйелі бастамалар қолға алынған. Бұл бағытта арнайы индикаторлар бекітіліп, нақты міндеттер айқындалды. Атап айтқанда, Түркістан облысының қала және аудан орталықтарын дамыту, сондай-ақ туризм саласын ілгерілетуге арналған концепциялар әзірленуде. Сонымен бірге қала мен аудан орталықтарының сәулеттік дизайнын (дизайн-код) қалыптастыру, елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу және өзектендіру жұмыстары жүргізілуде.

**Түркістан.**

## «ҰЛТТЫҚ ҚОР – БАЛАЛАРҒА» ҚОРЫНДАҒЫ БАРЛЫҚ СОМАНЫ НЕМЕСЕ ОНЫҢ БІР БӨЛІГІН ҒАНА ПАЙДАЛАНУҒА БОЛАДЫ

2026 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 2024 жылғы 1 ақпаннан бастап "БЖЗҚ" АҚ (бұдан әрі – БЖЗҚ, Қор) нысаналы жинақ алу бойынша 205 505 өтінішті орындады. Жалпы сомасы 31,61 миллион АҚШ долларынан астам қаражат уәкілетті операторларға аударылды. Олар, өз кезегінде, қаражатты 18 жасқа толған өтініш беруші азаматтардың банктік шоттарына есептейді.

Оның ішінде тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатында 19,69 млн АҚШ долларына 127 445 өтініш, білім беру ақысын төлеу үшін 11,92 млн АҚШ долларына 78 060 өтініш қанағаттандырылды.

Естеріңізге сала кетейік, нысаналы жинақтарды алушы барлық соманы немесе оның бір бөлігін ғана пайдалануға құқылы, пайдаланылмаған сома нысаналы жинақтау шотында (НЖШ) қалады.

Тұрғын үйді жақсартуға арналған қаражатты пайдаланудың ең танымал қосалқы мақсаттары: одан әрі жинақтау үшін тұрғын үй құрылысы жинақтарындағы салымды толықтыру (19,27 млн АҚШ долларына 124 490 өтініш орындалды), тұрғын үй сатып алуға ипотекалық тұрғын үй қарызын алу үшін бастапқы жарнаны енгізу – 145,39 мың АҚШ долларына 999 өтініш, азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша меншікке тұрғын үй сатып алу (түпкілікті есеп айырысу) – 108,64 мың АҚШ долларына 757 өтініш.

Білім беру ақысын төлеу шеңберіндегі ең танымал қосалқы мақсаттар: Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде бір мезгілде (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (11,03 млн АҚШ долларына 71 025 өтініш орындалды), білім беруге жинақтау салымы туралы шарт бойынша білім беруге жинақтау салымын толықтыру (608,47 мың АҚШ долларына 4 933 өтініш орындалды), шетелдік білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде біржолғы (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеуге (228,32 мың АҚШ долларына 1 706 өтініш орындалды) төлем жасау.

Нысаналы жинақтарды тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алуға ақы төлеу мақсатында төлеу туралы уәкілетті операторлар мен өңірлер бөлінісіндегі толық ақпаратпен enpf.kz сайтында танысуға болады.

Естеріңізге сала кетейік:

- нысаналы талапқа Қазақстан Республикасының 18 жасқа толмаған, нысаналы талаптарға құқығы бар азаматтар қатыса алады;
- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (ҚРҰБ) жыл сайын (1 қазан) БЖЗҚ-ға нысаналы талаптардың жалпы сомасы, орташаланған инвестициялық кіріс мөлшерлемесі және нысаналы талаптарға қатысушылардың бұрын қалыптастырылған нысаналы талаптарына есептелген инвестициялық кіріс сомасы туралы ақпаратты қамтитын есепті жібереді;
- БЖЗҚ жыл сайын, есепті жылдан кейінгі бірінші айдың 20-нан кешіктірмей "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорынан (ЖТ МДҚ) алынған мәліметтер негізінде БЖЗҚ ақпараттық жүйесінде есепті жылдың соңындағы (31 желтоқсан) жағдай бойынша нысаналы талаптарға қатысушылардың электрондық тізімін қалыптастырады;

Жалғасы 8-ші бетте

## ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ БІРҚАТАР АУЫС-ТҮЙІС ЖҮРГІЗДІ




"Жоспарлы ротация тәртібімен, ішкі істер министрінің бұйрығымен, Президент әкімшілігімен келісілген түрде ведомствода бірқатар кадрлық тағайындау жасалды", - деп жазылған хабарламада.

Полиция генерал-майоры Айдос Рысбаев Ішкі істер министрлігі аппаратының басшысы болып тағайындалды. Ол бұған дейін Көліктегі полиция департаментінің бастығы болған.

Полиция генерал-майоры Мұрат Қабденов бұған дейін Түркістан облысы Полиция департаментінің бастығы болған. Ол ІІМ Әкімшілік полиция комитетінің төрағасы болып тағайындалды.

Полиция генерал-майоры Арыстанғани Заппаров бұған дейін Алматы Полиция департаментінің бастығы болған. Ол Түркістан облысы Полиция департаментінің бастығы болып тағайындалды.

Полиция генерал-майоры Айдын Қабдолдинов бұған дейін Солтүстік Қазақстан облысы Полиция департаментінің бастығы болған. Ол Алматы қаласы Полиция департаментінің бастығы болып тағайындалды.

Полиция полковнигі Абай Жүсіпов, бұған дейін Ақтөбе облысы полиция департаментінің бастығы болған, Солтүстік Қазақстан облысы полиция департаментінің бастығы болып тағайындалды.

Полиция генерал-майоры Қайыркен Әлиев, бұған дейін Ұлытау облысы полиция департаментінің бастығы болған, Ақтөбе облысы полиция департаментінің бастығы болып тағайындалды.

Полиция генерал-майоры Нұрхат Оразбаев, бұған дейін Атырау облысы полиция департаментінің бастығы болған, Ұлытау облысы полиция департаментінің бастығы болып тағайындалды.

Полиция генерал-майоры Оңал Бекиев, бұған дейін ІІМ Аппаратының басшысы болған, Атырау облысы полиция департаментінің бастығы болып тағайындалды.

**Kaz.tengrinews.kz**

## АРНАЙЫ СУ ПАЙДАЛАНУҒА РҰҚСАТ АЛУ ТОЛЫҚТАЙ ЦИФРЛЫҚ ФОРМАТҚА КӨШІРІЛДІ



Жаңа жылдан бастап азаматтар арнайы су пайдалануға рұқсатты Су ресурстарының ұлттық ақпараттық жүйесі (СРҰАЖ) арқылы ала алады. Жаңа Су кодексіне сәйкес бұл мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларына өзгерістер енгізілді, деп хабарлайды ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігі.

Бизнес-процестерді оңтайландыру және автоматтандыру осы қызметті көрсетудің бүкіл циклін цифрлық форматқа толығымен көшіруге мүмкіндік берді.

Былтыр су пайдалануға қатысты есепті тапсыру да цифрлық форматқа ауыстырылды. Сонымен қатар СРҰАЖ 11 мемлекеттік ақпараттық жүйемен интеграцияланды.

Су ресурстары және ирригация министрлігі жерүсті және жерасты суы туралы барлық мәлімет жинақталатын Су ресурстарының ұлттық ақпараттық жүйесін әзірледі. СРҰАЖ-ны өнеркәсіптік пайдалануға енгізу 2026 жылдың екінші жартысына жоспарланған.

«Жоба Мемлекет басшысы жүктеген міндеттерді орындау аясында жүзеге асырылып жатыр. Ақпараттық жүйеде су ресурстарына қатысты барлық дерек орталықтандырылған түрде жинақталады. Бұл процестерді автоматтандыруға және нақты деректер негізінде басқарушылық шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді», – деді су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов.

## ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМЫТУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ БАСТАЛДЫ

Қазақстанда алғаш рет Инклюзивті білім беру жөніндегі әлемдік конгресс өтті. Бұл ауқымды халықаралық іс-шара педагогтердің кәсіби құзыреттерін арттыруға, инклюзивті мәдениетті дамытуға және инклюзивті білім беру саласындағы жаһандық диалогтың жаңа кезеңіне серпін берді, деп хабарлайды ҚР Оқу-ағарту министрлігі.

Инклюзивті білім беруді жүйелі дамыту мақсатында мектепке дейінгі ұйымдарда және кәсіби-техникалық білім беру ұйымдарында педагог-ассистент штаттары енгізілді. Бұл бастама ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға жеке қолдау көрсетуге мүмкіндік берді. Қазіргі таңда еліміздің білім беру ұйымдарында 3,8 мың педагог-ассистент және 10 275 арнайы педагог қызмет атқаруда.

Сондай-ақ мектептерде мүмкіндігі шектеулі және өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларға жеке көмекші лауазымы енгізілді. Нәтижесінде 129 ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаға физикалық сүйемелдеу көрсетілді, оның ішінде бұрын үйде оқыған 45 бала жалпы білім беретін мектептерде білім алуға мүмкіндік алды.

Елімізде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдауға арналған инфрақұрылым белсенді дамып келеді. Бүгінде 516 арнайы ұйым жұмыс істейді. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес аутизм орталықтарының желісі кеңейтілуде, сондай-ақ ерте жастан бастап мамандық алуға дейінгі балаларды кешенді сүйемелдеу тұжырымдамасы бекітілді.

Инклюзивті білім беру үшін жағдай жасалған білім беру ұйымдарының үлесі 93,3%-ды құрады. Ал арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтылған балалар саны 87%-ға жетті.



## КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ҚАҒИДАЛАРЫ БЕКІТІЛДІ




Қазақстанда креативті индустрия субъектерін мемлекеттік қолдау және ынталандыру қағидалары бекітілді. Жаңа құжат саланы дамытудың жүйелі әрі ашық тәсілін қалыптастырып, креативті жобалардың идея мен пилоттық шешімдерден бастап, халықаралық нарықтарға шығу және коммерцияландыруға дейінгі кезеңін қамтиды, деп хабарлайды ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі.

Қаржыны қайтару мәселесіне де ерекше мән берілген. Мемлекеттік қолдау жобалардың тұрақтылығы мен экономикалық жағдайына бағытталып, грант арқылы қаржыландыру үлесін барынша азайтуды және жеке инвестиция тартуды көздейді.

Құжатта креативті және пилоттық жобаларды қаржыландыру, бірлесіп қаржыландыруға арналған қаржылық құралдар, жеке инвесторлармен бірлескен бастамаларды іске асыру, креативті өнім экспортын қолдау, зияткерлік меншікті тіркеу және құқықтық қорғауға жұмсалған шығындарды өтеу, халықаралық шығармашылық байқаулар мен іс-шараларға қатысу, сондай-ақ халықаралық деңгейдегі жетістіктер үшін сыйақы беру мәселелері қарастырылған.

Сонымен қатар, қаржылық емес қолдау шаралары да анықталған. Оларға консультациялық, акселерациялық және білім беру бойынша қолдау, халықаралық мәдени және креативті платформаларға қатысуға жәрдемдесу, үй-жайлар мен жабдықтарды жеңілдетілген шарттармен ұсыну, цифрлық сервистер мен онлайн-платформаларды дамыту, жобаларға маркетингтік және құқықтық жетекшілік ету, креативті индустрияны дамытудың өңірлік стратегияларын әзірлеу, инклюзияны қамтамасыз ету шаралары және саланың жекелеген бағыттары бойынша арнайы бағдарламалар кіреді.

Қағидалардың қабылдануы креативті индустрияны ел экономикасының маңызды және бәсекеге қабілетті саласына айналдыруға бағытталған. Креативті индустрия ел үшін табыс әкеліп, жұмыс орындарын құрып, экспортты дамытуға мүмкіндік береді.

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕҢ КӨП ЖҮКТЕМЕСІ БАР АҚЫЛЫ ЖОЛДАРДЫҢ ТОП-10-Ы

2025 жылдың қорытындысы бойынша еліміздің ақылы автомобиль жолдарында 74 млн-ға жуық сапар тіркелді, деп хабарлайды DKNews.kz.

Қазіргі уақытта ел аумағында жалпы ұзындығы 4 883 шақырымды құрайтын 26 ақылы учаске жұмыс істейді. Аталған желінің құрамында I техникалық санаттағы 12 учаске (2 231 шақырым) және II-III техникалық санаттардағы 14 учаске (2 652 шақырым) бар.

Жол қозғалысының құрылымы көлік ағынының ірі агломерациялар маңына және негізгі транзиттік бағыттарға шоғырланғанын көрсетеді. Ең жоғары жүктемесі бар алғашқы бес учаске барлық сапардың 51 пайызын, ал алғашқы он учаске шамамен 73 пайызын қамтамасыз еткен. Сапарлар саны бойынша ең жоғары көрсеткіш Алматы-Қонаев бағытына (11,8 млн) және Шымкент торабының оңтүстік бағыттарына, соның ішінде Өзбекстан Республикасының мемлекеттік шекарасына шығатын учаскеге (9,3 млн) тиесілі.

Төменде 2025 жылғы сапар саны бойынша кему ретімен берілген ақылы учаскелер тізімі ұсынылады.

Ақылы учаскелердің рейтінгі (2025)

Алматы-Қонаев - 11,8 млн
Шымкент-Өзбекстан шекарасы - 9,3 млн
Шымкент-Тараз - 6,5 млн
Тараз-Қайнар - 5,4 млн
Шымкент-Қызылорда - 4,8 млн
Астана-Теміртау - 4,4 млн
Қонаев-Талдықорған - 3,9 млн
Астана-Щучинск - 3,7 млн
Щучинск-Көкшетау - 3,2 млн
Астана-Павлодар - 2,5 млн
Алматы-Қорғас - 2,5 млн
Қостанай-Денисовка - 1,9 млн
Тараз қаласының айналма жолы (Қайнар-Шымкент) - 1,9 млн
Қызылорда-Арал - 1,8 млн
Көкшетау-Петропавл - 1,7 млн
Балқаш-Бурылбайтал - 1,4 млн
Павлодар-Семей-Қалбатау - 1,3 млн
Ақтөбе-Ресей Федерациясының шекарасы (Орынборға) - 1,3 млн
Павлодар-Ресей Федерациясының шекарасы (Омбыға) - 856 мың
Қостанай-Ресей Федерациясының шекарасы (Троицкке) - 831 мың
Орал-Ресей Федерациясының шекарасы (Самараға) - 774 мың
Шу-Бұрылбайтал - 707 мың
Қандыағаш-Мақат - 583 мың
Орал-Ресей Федерациясының шекарасы (Саратовқа) - 570 мың
Бейнеу-Ақжігіт (Өзбекстан шекарасы) - 163 мың
Үшарал-Достық - 101 мың

**DKNews.kz.**

## БИЫЛ ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТІЛЕУДІҢ ФОРМАТЫ ӨЗГЕРІССІЗ ҚАЛАДЫ

Қаңтар айында өтетін ҰБТ басталды, ол 10 ақпанға дейін жалғасады. 187 мыңға жуық адам ҰБТ-ға қатысуға өтініш берді, бұл өткен жылмен салыстырғанда 20 мыңға көп. Олардың 75,2%-ы қазақ тілінде, 24,6%-ы орыс тілінде, 189 адам ағылшын тілінде тестілеуден өтуге өтініш білдірді, деп хабарлайды ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі.

Талапкерлер өтініш беру барысында тестілеу күнін, уақытын және пунктін өздері таңдады. Ең көп таңдалған бейіндік пәндер комбинациясы – «Математика-Физика», оны талапкерлердің 19,2%-ы таңдаған. Яғни, бұл – болашақ мұғалімдер, инженерлер, механиктер, техниктер мен технологтар, энергетиктер, құрылысшылар. Ал 16,9%-ы «Биология-Химия», 9,7%-ы «Шығармашылық емтихан» пәндерін таңдады, сәйкесінше болашақ медициналық қызметкерлер мен шығармашылық саласының мамандары.

ҰБТ барысында калькулятор, Химиялық элементтердің периодтық жүйесі (Менделеев кестесі) және тұздардың ерігіштік кестесі тестілеу бағдарламасында қолжетімді болады. Тест тапсырушылар тестілеу аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде апелляцияға өтініш бере алады. Апелляцияға өтініш берген тестіленушілердің сертификаты аппеляциялық комиссияның шешімінен кейін талапкердің жеке кабинетінде шығады.

2026 жылы Ұлттық бірыңғай тестілеудің форматы өзгеріссіз қалады. Талапкерлер үш міндетті пәнді және таңдауы бойынша екі бейіндік пәнді тапсырады. ҰБТ тапсырмаларының жалпы саны – 120. Оның ішінде «Қазақстан тарихы» пәні бойынша 20 тапсырма, «Оқу сауаттылығы» мен «Математикалық сауаттылық» пәндерінен 10 тапсырмадан, сондай-ақ екі бейіндік пәннің әрқайсысынан 40 тапсырмадан беріледі. ҰБТ бойынша ең жоғары балл да өзгермейді және 140 балды құрайды.

# ТҮРКІСТАНДАҒЫ ТОҚЫМА КЛАСТЕРІ: ҚЫСҚА МЕРЗІМДЕГІ АУҚЫМДЫ ЖЕТІСТІК

*Түркістан облысындағы мақта-тоқыма кластері: Жаңа индустриалды дәуірдің бастауы*

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының басты бағыты ретінде экономиканы әртараптандыруды, нақты секторды күшейтуді, өңдеу өнеркәсібін дамытуды және инвестиция тартуды жүйелі түрде атап өтіп келеді.

Осы мақсатта агроөнеркәсіптік кешенді жаңғырту, ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу, заманауи технологияларды енгізу және жаңа өндірістер ашу мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының біріне айналды.

Аталған бағыттар шеңберінде Түркістан облысында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Соның ішінде ауыл шаруашылығы саласының бір тармағына тоқталып өтуді жөн санап отырмын.

Өздеріңіз білесіздер, Түркістан облысы ауыл шаруашылығы саласы бойынша республикада алдыңғы орында.

Сонымен қатар, елімізде мақта өсіретін бірден-бір аймақ болып табылады. Осы стратегиялық артықшылықты тиімді пайдалану мақсатында облыста мақта-тоқыма кластерін құру жобасы жүзеге асырылуда.

Аталған жоба Мемлекет басшысы айқындаған шикізатты ел ішінде терең өңдеу, дайын өнім көлемін арттыру және Қазақстанның экспорттық әлеуетін күшейту жөніндегі тапсырмаларымен толықтай үндес.

Жалпы, бұл бастама осыдан бір жарым жыл бұрын бастау алған. Түркістан облысының бұрынғы әкімі Дархан Сатыбалды бастаған делегация Қытай Халық Республикасына іссапармен барғанда мақта өсіру және оны терең өңдеу саласындағы ірі компаниялармен кездесулер өткізген болатын.

Келіссөздер барысында тәжірибе алмасып, екіжақты сәтті әріптестік орнатылды.

Нәтижесінде бұл келісімдер нақты инвестициялық жобаларға ұласып, бүгінде өңір басшысы Нұралхан Көшеровтың басшылығымен мақта-тоқыма кластерін қалыптастыруға бағытталған стратегиялық жоба табысты жүзеге асырылуда.

Мақта-тоқыма кластерін дамытуға жетекшілік етіп отырған инвестор – Қытайдың мақта өсіру және оны терең өңдеу саласындағы ең ірі компаниялардың бірі Xinjiang Lihua (Group) Co., Ltd. Компания тұқым өсіруден бастап, тоқыма өнімдерін шығаруға дейінгі мақтаны кешенді өңдеуге және өндірістің толық циклын басқаруға маманданған.

Міне, бүгінде облыста осы шетелдік инвестормен бірлесе Орта Азия кеңістігінде баламасы жоқ мақтаны терең өңдейтін мақта-тоқыма кластері құрылды.

Кластердің ерекшелігі су үнемдеу технологияларын қолдана отырып, мақта өсіруден бастап – иірілген жіп, мата, дайын киім және өзге де тоқыма өнімдерін шығарады.

Бұл өңір экономикасына жаңа серпін беріп, шикізаттық бағыттан арылып, дайын өнім өндіруге мүмкіндік береді.

Мақта кластерінде 5 жобаны іске асыру арқылы 7 мың адам жұмыспен қамтылып, 201 млрд. теңге инвестиция тартылады.



Мақта өнімділігі 2-3 есе жақсарып, жылына 229 мың тонна мақта өндірілетін болады.

Жалпы, жоба аясында 10 зауыт салу жоспарланған. Оның ішінде 4 - мақта өңдеу зауыты, 2 - тамшылатып суару жүйелерін өндіретін зауыт, сондай-ақ 4 тоқыма зауыты бар.

Соның бірқатары іске қосылып жұмыс жасауда.

Кластердің қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін ПВХ құбырларын шығаратын зауыт іске қосылып, тоқыма фабрикалары салынуда.

Жақында Отырар ауданында орналасқан көпфункционалды «Түркістан мақта агроөнеркәсіптік кешені» аясында 3 зауыт іске қосылды.

Атап айтқанда, тамшылатып суару құрылғылары мен суаруға арналған таспалар өндіретін өндіріс орны өз жұмысын бастады.

Кәсіпорын жылына 800 млн метр суару лентасын өндіріп, 50 мың гектар алқапты заманауи суару жүйесімен қамтамасыз етуге қауқарлы.

Бұл кәсіпорын су үнемдеуге бағытталған аса маңызды жоба. Тамшылатып суару жүйелерін жергілікті жерде өндіру арқылы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне қолжетімділік артып, су үнемдеу технологиясын кеңінен енгізуге жағдай жасалды.

Сонымен қатар, Отырарда заманауи мақта өңдеу зауыты пайдалануға берілді. Зауыттың іске қосылуымен 279 адам тұрақты жұмыспен қамтылды.

Бұл кәсіпорын заманауи технологияларды пайдалана отырып, мақта шаруашылығын жаңа деңгейге көтеріп отыр. Серіктес қытайлық инвесторлар көмегімен 32 мың гектар алқапқа жаңа әдіспен мақта егіліп, әр гектардан орта есеппен 50-60 центнерден өнім алынды. Бұндай көрсеткіш бұрын-соңды болмаған.

Су үнемдейтін бұл технологиялар – климаттық өзгерістер жағдайында аса өзекті.

Жоба аясындағы екі бірдей мақта өңдеу зауытының жалпы құны 21,1 млрд теңгені құрайды. Бұл өндірістер жылына 180 мың тонна шитті мақтаны өңдеуге мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда 120 мың тонна шитті мақта жиналып, оның 30 мың тоннасы таза мақта ретінде өңделді.

Ең маңыздысы, осы жобалардың жұмысын біріктіріп, басқару мен бақылауды жүзеге асыратын жасанды интеллектке негізделген орталық басқару станциясы пайдалануға берілді.

Механикаландырылған станция аталған ірі жоба үшін арнайы жасақталды.

Бір орталық арқылы 30 мың гектар алқаптағы суару, реттеу және бақылау жұмыстары автоматтандырылған жүйе арқылы жүзеге асырылады. Мұнда егіс алқабы, зауыттар түгел бақыланып отырады. Су, мақтаның өсу барысы, жердің ылғалдылығын да қадағалау жүйесі енгізілуде.

Бұл ақылды басқару Мемлекет басшысының әр салаға жасанды интелектіні енгізу туралы тапсырмасының нақты нәтижесі деп айтсақ болады.

Айта кетсем, жалпы бұл ашылған кәсіпорын жұмысшыларына да қолайлы жағдай жасалған. 700-ге жуық жұмысшыға арналған жатақхана, асханалары бар. Компания өзі 280 метрден ауыз су тартып, күніне 4 мың жұмысшыға жететін су шығарылады.

Зауыттың қазіргі уақытта 20 мың өңделген мақта сақтайтын алып қоймасы бар.

Одан бөлек, жуырда Түркістан қаласында «Turan» арнайы экономикалық аймағында толық циклді тоқыма бұйымдарын өндіретін яғни, жіп иіріп, мата өндіретін ірі кешен іске қосылды.

42 гектар жер бөлінген өндірістік кешеннің жалпы инвестициялық құны – 86,2 млрд теңге. Құрылыс жұмыстары 2024 жылы басталып, биыл алғашқы кезеңі іске қосылды. Жобаның бірінші кезеңінде 430 адам тұрақты жұмыспен қамтылды.

Ал, 2026 жылдың желтоқсан айына дейін зауыттың келесі үш кезеңі толық аяқталып, қосымша 2 мыңға жуық адам тұрақты жұмыспен қамтылатын болады. Зауыт толық іске қосылған кезде жыл сайын 11,4 мың тонна жіп, 47,3 миллион шаршы метр мата, 2 миллион төсек-орын жабдықтары жиынтығы мен 4 миллион көрпе өндіру жоспарланып отыр.

Ашылған кәсіпорын жеңіл өнеркәсіп саласын дамыту жолындағы жаңа кезеңнің бастамасы екені сөзсіз.

Бұл жоба Түркістан өңірінде жеңіл өнеркәсіпті жүйелі түрде дамытуға, мақта саласының тиімділігін арттыруға және экспорттық әлеуетті күшейтуге, жаңа индустриялық бағыттардың қалыптасуына серпін беретін маңызды қадам.

Көріп отырғандарыңыздай, қысқа мерзім ішінде Түркістан облысында мақта өсіруден бастап, оны терең өңдеуге дейінгі толық өндірістік тізбекке негізделген мақта-тоқыма кластері қалыптасты. Бұл – бір ғана саланың жетістігі емес, өңір экономикасын әртараптандыруға бағытталған жүйелі саясаттың нақты нәтижесі.

Алдағы бес жылда мақтаны егістіктен бастап, дайын киім тігетін деңгейге дейін жеткізетін толық циклдің орнығуы күтілуде.

Бұл өз кезегінде жаңа жұмыс орындарының ашылуына, экспорт көлемінің артуына және жеңіл өнеркәсіптің дамуына жол ашады.

Ең бастысы, жоба заманауи агротехнологияларды, су үнемдеу жүйелерін және жасанды интеллектке негізделген басқару тетіктерін енгізу арқылы ауыл шаруашылығының тиімділігін түбегейлі арттырып отыр.

Мақта-тоқыма кластерінің дамуы тек Түркістан өңірі үшін ғана емес, тұтас Қазақстан экономикасы үшін стратегиялық маңызға ие. Бұл бастама еліміздің дайын тоқыма өнімдерін экспорттайтын бәсекеге қабілетті мемлекет ретінде қалыптасуына берік негіз қалайды.

Мұның барлығы – мемлекеттік қолдау, тиімді инвестициялық саясат және бірлікте атқарылған табанды еңбектің жемісі.

Қазіргі уақытта кластерлік даму облыста жүйеге қойылып, аймақтың экономикалық әлеуеті жаңа деңгейге көтеріліп отыр.

Мақта-тоқыма кластерін дамытудан бөлек, облысымызда жүгері және ет кластерін құру бойынша да үлкен жұмыстар жүргізілуде.

Себебі, бұл бағыттағы даму облыстағы арнайы экономикалық аймақтың мүмкіндіктерін толық пайдалануға жағдай жасап, шетелдік және отандық инвесторлар үшін тартымды өндірістік алаң қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Түркістан облысының даму жолындағы бұл бастамалар жаңа индустриалды дәуірдің бастамасы болары сөзсіз.

**Н.ӘБІШОВ,**
*Түркістан облыстық мәслихатының төрағасы*

# ИНФРАҚҰРЫЛЫМ НЫСАНДАРЫНЫҢ ЖҰМЫС БАРЫСЫ БАҚЫЛАУДАН ӨТТІ



Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбеков қала аумағындағы бірқатар маңызды инфрақұрылым нысандарын аралап, атқарылып жатқан жұмыстардың барысымен танысты деп хабарлайды әкімдіктің баспасөз қызметі.

Аралау барысында Момынов көшесінде салынып жатқан автомобиль өткелінің құрылыс алаңына барып, нысанның қазіргі жағдайы тексерілді. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстарының 80 пайызы орындалған. Қала әкімі мердігер ұйымға жұмысты сапа талаптарына толық сәйкес әрі белгіленген мерзімде аяқтау жөнінде нақты тапсырма жүктеді.

Одан кейін шаһар басшысы «Shymkent Bus» ЖШС-нің автопаркіне барып, қоғамдық көліктердің техникалық жай-күйін және жанармай құю инфрақұрылымының жұмысын бағалады. Кәсіпорын балансында 539 автобус бар. Үшінші автоматтандырылған газ құю станциясының пайдалануға берілуі автобус бағыттарының үздіксіз қызметін қамтамасыз етіп, қозғалыс кестесінің сақталуына мүмкіндік беретіні атап өтілді.

Сонымен қатар Нұрсұлтан Назарбаев даңғылынан Бәйдібек би даңғылына қарай оң жақ жолақ ұйымдастыру аясында салынып жатқан жаяу жүргіншілер өткелінің құрылыс барысы тексерілді. Бұл жоба тұрғындардың жолдан өтуін ыңғайлы етіп, жаяу жүргіншілер қозғалысының қауіпсіздігін арттыруға бағытталған. Жұмысты уақытында аяқтауды тапсырды.

Аралау соңында энергетика және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба аясында жүзеге асырылып жатқан «Қайтпас» электр қосалқы станциясын қайта жаңғырту жұмыстары таныстырылды. Аталған жоба 24 мыңнан астам абонентті сапалы әрі тұрақты электр энергиясымен қамтамасыз етуге, электр желілерінің тозу деңгейін 20 пайызға төмендетуге, өткізу қабілетін арттыруға және жаңа тұтынушыларды қосу үшін қосымша қуат беруге мүмкіндік береді.

Қала басшысы аталған жобалардың тұрғындар өмір сапасын арттырудағы маңызын атап өтіп, жауапты сала жетекшілеріне жұмыстарды жүйелі түрде бақылауда ұстауды тапсырды.

**Шымкент.**

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровтің қызметке тағайындалғанына бір жыл толды. Осы уақыт аралығы өңір үшін жаңа серпін мен нақты өзгерістер кезеңі болды деуге толық негіз бар. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев айқындап берген даму бағыты облыста жүйелі түрде жүзеге асып,экономика,әлеуметтік сала,инфрақұрылым мен инвестиция тарту бағытында маңызды қадамдар жасалды.




# БІР ЖЫЛ – БІР БЕЛЕС

Бір жылдың ішінде Түркістан облысы тек жоспарлармен шектелмей, нақты іске көшкен аймақ ретінде көрінді. Жаңа өндіріс орындары ашылып, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу жанданды, білім мен медицина саласында айтарлықтай жұмыстар атқарылды. Бұл – өңірдің болашағына бағытталған берік негіз.

Соңғы бір жылда Түркістан облысында өндіріс саласы ерекше қарқын алды. Әр ауданда жаңа зауыттар мен кәсіпорындар іске қосылып, өңір экономикасы біртіндеп әртараптана бастады. Бұл бағытта облыс басшылығы инвесторлармен тұрақты жұмыс жүргізіп, индустриялық аймақтар мен арнайы экономикалық аймақтардың әлеуетін тиімді пайдалануға басымдық берді.

Жаңа өндірістердің ашылуы – тек экономикалық көрсеткіш емес, ең алдымен халық үшін маңызды. Себебі әрбір зауыт – жаңа жұмыс орны, тұрақты табыс көзі. Созақ, Отырар, Ордабасы, Сайрам, Түлкібас, Кентау секілді аудандарда ашылған кәсіпорындар жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамтып, ауыл мен шағын қалалардың дамуына серпін берді.

Мақта өңдеу, тамшылатып суару жабдықтары, құрылыс материалдары, тағам және сусын өнімдері, металл және тұрмыстық бұйымдар шығаратын өндірістер іске қосылды. Бұл облыста бұрын шикізат күйінде сыртқа кететін өнімдерді өңдеп, қосымша құн қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Өңірде индустриялық аймақтар мен «Turan» арнайы экономикалық аймағы белсенді дамып келеді. Бұл алаңдарда отандық және шетелдік инвесторларға қолайлы жағдай жасалып, жаңа жобаларды іске асыруға мүмкіндік берілді. Соның нәтижесінде Түркістан облысы инвестиция тарту жағынан елдегі алдыңғы өңірлер-дің қатарына қосыла бастады.

Арнайы экономикалық аймақтарда тоқыма, құрылыс, химия және өзге де салаларда ірі жобалар қолға алынды. Түркістан қаласында толық циклді тоқыма өндірісінің іске қосылуы – өңір үшін ерекше маңызды қадам. Бұл жоба мақта өсіруден бастап дайын өнімге дейінгі толық өндіріс тізбегін қалыптастыруға жол ашты.

Түркістан облысы – ауыл шаруашылығына бейім өңір. Соңғы бір жылда бұл салада да маңызды өзгерістер болды. Ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеуге басымдық беріліп, жаңа зауыттар мен кооперативтер ашылды. Мақта, жеміс-жидек, ет және өзге де өнімдер өңделіп, нарыққа дайын күйінде шығарылуда.

Түлкібас ауданында жеміс-жидек өңдейтін кәсіпорын іске қосылып, табиғи шырындар мен пюре өндіру жолға қойылды. Бұл ауыл тұрғындары үшін қосымша табыс көзіне айналды. Отырар ауданында мақта өңдеу зауыты ашылып, заманауи технологиялар енгізілді. Мұның бәрі ауыл экономикасын нығайтып, еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған.

Облыста баламалы энергия көздерін дамытуға да көңіл бөлінді. Күн электр станциясының құрылысы басталып, өңірдің энергетикалық қауіпсіздігін арттыруға бағытталған жобалар қолға алынды. Бұл – экологияға зияны аз, болашаққа бағытталған бастама.

Сонымен қатар жол, су, газ және электр желілерін жаңғырту жұмыстары жалғасын тапты. Ауыл халқын сапалы инфрақұрылыммен қамтамасыз ету облыс басшылығының басты әлеуметтік міндеттерінің бірі болып отыр.

Білім беру – өңір дамуының басты тіректерінің бірі. Президент бастамасымен жүзеге асқан «Келешек мектеп» жобасы аясында облыста жаңа мектептер салынып, мыңдаған бала заманауи білім ордаларында оқуға мүмкіндік алды. Сонымен қатар ескі мектептер жөнделіп, материалдық-техникалық базасы жаңартылды.

Бұл жұмыстар ауыл мен қала арасындағы білім сапасындағы айырмашылықты азайтуға бағытталды. Мұғалімдерге қолайлы жағдай жасалып, оқушылардың сапалы білім алуына мүмкіндік кеңейді.

Түркістан қаласында халықаралық деңгейдегі IT және жасанды интеллект бағытындағы университеттің ашылуы – өңір тарихындағы айтулы оқиға. Бұл оқу орны жастарға заманауи білім алып, бәсекеге қабілетті маман болуына жол ашты. Шетелдік студенттердің келуі Түркістанның білім беру саласындағы беделін арттыра түсті.

Цифрлық технологиялар мен инновацияны дамыту – облыстың болашаққа бағытталған стратегиялық қадамдарының бірі.

Президент жариялаған «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында облыста колледждер жүйесі жанданды. Мыңдаған жас техникалық және кәсіптік білім алып, өндіріс орындарына қажетті мамандықтарды игеруде. Колледж түлектерінің басым бөлігі оқуын аяқтаған соң тұрақты жұмысқа орналасты.

Бұл – жастарды еңбекке баулып, әлеуметтік тұрақтылықты нығайтудың тиімді жолы.

Ауылдық жерлердегі медициналық қызмет сапасын арттыру мақсатында жаңа емханалар мен медициналық пункттер салынды. Жедел жәрдем қызметі жаңа көліктермен қамтамасыз етіліп, халыққа көрсетілетін қызметтің қолжетімділігі артты.

Денсаулық сақтау нысандарының жаңаруы ауыл тұрғындарының уақытылы әрі сапалы медициналық көмек алуына мүмкіндік берді.

### ТУРИЗМ – ӨІРДІҢ ЖАҢА ДРАЙВЕРІ

Түркістан – күллі түркі әлемінің рухани орталығы. Соңғы жылдары туризм саласы өңір экономикасының маңызды бағытына айналып келеді. Қалада жаңа туристік нысандар ашылып, тарихи-мәдени ескерткіштер жаңғыртылды.

Туристер санының артуы шағын және орта бизнестің дамуына, қызмет көрсету саласының кеңеюіне жол ашты. Бұл өз кезегінде жаңа жұмыс орындарының құрылуына ықпал етті.

– Біздің мақсатымыз – Түркістан облысын өзін-өзі қамтамасыз ететін, тұрақты дамыған өңірге айналдыру. Әрбір жоба халықтың өмір сапасын арттыруға бағытталуы тиіс, – дейді облыс әкімі Нұралхан Көшеров.

Оның айтуынша, өңірге тартылған әрбір инвестиция – жаңа мүмкіндік, жаңа жұмыс орны және тұрғындардың болашағына салынған капитал.

Бір жыл – аз уақыт болғанымен, Түркістан облысы үшін мазмұнды кезең болды. Осы уақыт ішінде өңірде әлеуметтік-экономикалық дамудың берік негізі қаланды. Өндіріс дамып, ауыл шаруашылығы жаңғырды, білім мен медицина саласында нақты өзгерістер орын алды.

Түркістан бүгінде тек рухани орталық қана емес, дамуға бет алған индустриялық әрі инвестициялық өңір ретінде қалыптасып келеді. Алдағы жылдары қолға алынған жобалар мен бастамалар облыстың әлеуетін одан әрі арттырып, тұрғындардың әл-ауқатын жақсартуға қызмет ететіні анық.

**Дулат ӘБІШ,**
*Түркістан облыстық мәслихаттың депутаты, Қазақстан Журналистер академиясының академигі, Қазақстанның Құрметті журналисі.*

## БИЫЛ ЕКІ СУ ҚОЙМА ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ

Түркістан облысында су тапшылығының алдын алу және ауыл шаруашылығын тұрақты сумен қамтамасыз ету бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Бұл мәселелер облыс әкімі аппаратының апталық мәжілісінде кеңінен қаралды. Жиынға облыс әкімі Нұралхан Көшеров төрағалық етіп, жауапты басқармалар мен аудан, қала әкімдеріне нақты міндеттер жүктеді.

Мәжілісте өңірдегі ағын су қоры, суармалы жерлерді сумен қамту, су үнемдеу технологияларын енгізу және су шаруашылығы инфрақұрылымын жаңғырту барысы жан-жақты талқыланды. Өңір басшысы вегетациялық маусымға дайындықты күшейтудің маңызын атап өтті.

– Вегетациялық маусым басталғанға дейін барлық дайындық жұмыстарын толық аяқтау қажет. Су қоймаларына тиісті су көлемін жинау, арық-атыздар мен каналдарды тазалау, дренаж жүйелерін жөндеу жұмыстарын уақтылы жүргізуді тапсырамын. Аудан, қала әкімдіктері бекітілген егіс құрылымына сәйкес шаруалармен ағын су бөлу бойынша келісім-шарттарды қамтамасыз етуі тиіс. Су үнемдеу технологияларын енгізу жұмыстарын күшейту қажет, - деді Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Файзулла Байдуллаевтың мәліметінше, Түркістан облысындағы суармалы жерлердің жалпы көлемі 575 мың гектарды құрайды. 2025 жылға облысқа 4,6 млн текше метр ағын су лимиті бекітілгенімен, су көлемінің аз келу қаупіне байланысты бұл көрсеткіш биыл 3,8 млн текше метрге қайта қаралған. Ал өткен жылы нақты алынған су көлемі 3,5 млн текше метрді құрап, бекітілген лимиттің 76 пайызы орындалған.

Айта кету керек, облыстың жылдық су пайдалану лимитінің 63 пайызы көрші мемлекеттер аумағынан келетін трансшекаралық өзендерге тәуелді. Жаһандық жылыну салдарынан бұл өзендер арқылы келетін су көлемі жыл сайын азайып келеді. Мәселен, өткен жылы бекітілген 3,2 млрд текше метр лимиттің тек 2,8 млрд текше метрі немесе 88 пайызы ғана нақты босатылған.

Қазіргі таңда облыс аумағында 42 су қоймасы бар. Олардың жалпы сыйымдылығы 8,8 млрд текше метрді құрайды. Бүгінде су қоймаларында жиналған су көлемі 4,0 млрд текше метрге жетіп, бұл жалпы сыйымдылықтың 47 пайызына тең. Атап айтқанда, Шардара су қоймасында – 3,3 млрд мҺ, Көксарай су реттегішінде – 567 млн мҺ, ал Бөген су қоймасында – 169 млн мҺ су жиналған.

Су тапшылығының алдын алу мақсатында жаңа су қоймаларын салу жұмыстары да қарқынды жүргізілуде. Бәйдібек ауданындағы «Бәйдібек ата» су қоймасының құрылысы бүгінде 75 пайызға аяқталған. Нысанды осы жылдың соңына дейін пайдалануға беру жоспарланып отыр. Бұл жоба іске қосылған жағдайда келесі вегетациялық маусымда қосымша 9,7 мың гектар суармалы жер айналымға енгізіледі.

Сонымен қатар Төлеби ауданында салынып жатқан «Қарақуыс» су қоймасының құрылысы биыл толық аяқталып, нәтижесінде 350 гектар ауыл шаруашылығы алқабы тұрақты сумен қамтамасыз етіледі.

Алдағы жылдары Ордабасы және Сауран аудандарында «Боралдай» және «Иқан су» су қоймаларын салу жоспарланған. Аталған жобалар толық жүзеге асса, Бөген су қоймасына қосымша 120 млн текше метр ағын су жеткізіліп, Түркістан қаласы аумағындағы су тапшылығы мәселесін кезең-кезеңімен шешуге мүмкіндік туады.

Аталған шаралар өңірдің аграрлық әлеуетін арттырып қана қоймай, су ресурстарын ұтымды пайдалануға және ауыл шаруашылығы саласының тұрақты дамуына жол ашпақ.

**Түркістан.**

## E-GOV АРҚЫЛЫ ЕНДІ ТАҒЫ БІР ҚЫЗМЕТ АЛУҒА БОЛАДЫ

“Smart военкомат” жобасы аясында қорғаныс министрлігі e-Gov электрондық үкімет порталының “Жеке кабинетінде” азаматтарға арналған жаңа қызметті іске қосты, деп хабарлайды ведомствоның ресми сайтына сілтеме жасаған KAZ.NUR.KZ.

Министрліктің мәліметінше, бұл қызмет арқылы пайдаланушылар азаматтың әскери қызметке қатыстылығы, әскери есепте тұруы, әскери қызметтен өткен кезеңдері, оның ішінде әлеуметтік төлемдер алуға құқық беретін мерзімдер туралы мәліметтерді жүктеп алып, мессенджерлер арқылы жіберіп немесе басып шығара алады.

“Тәжірибе көрсеткендей, әсіресе әскери қызметке жарамдылық дәрежесі туралы ақпаратқа сұраныс жоғары. Аталған мәліметтерді алу үшін e-Gov порталының “Жеке кабинетіне” кіріп, “Әскери қызмет” бөліміндегі “Жүктеу” батырмасын басу жеткілікті.

Әскери есеп мәселелеріне жауапты Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмысы департаментінің айтуынша, болашақта бұл деректерді m-Gov мобильді қосымшасы мен екінші деңгейлі банктердің сервистері арқылы да алу мүмкін болады.

Жаңа қызмет оқу орнына құжат тапсыру, әскери қызметке немесе құқық қорғау органдарға жұмысқа орналасу кезінде құжат жинау процесін айтарлықтай жеңілдетеді”, - делінген хабарламада.

**KAZ.NUR.KZ.**

**Год огненной лошади не плохо было- бы начать с древней восточной**

# ФИЛОСОФИЯ ОМАРА ХАЙЯМА

*«Пусть каждый новый день приносит радость,*
*А каждый новый год – удачи взгляд.*
*Пусть прошлое уйдет как сон,*
*А новое станет лучшим из наград...»*

Омар Хайям – человек, понявший жизнь во всех ее проявлениях и заключивший свое знание мира в строки «рубаи», поражающие своей мудростью.

Омар Хайям, фигура, окутанная тайной и овеянная легендами, является одной из самых интригующих личностей Древнего Востока. Почитаемый как учёный на своей родине, он более известен миру как поэт и философ, хранитель мудрости, чьи афоризмы пронизаны юмором и мудростью. История жизни Хайяма - это гобелен тайн и загадок, отражающий сложность его характера и глубокое влияние, которое он оказал на сферы поэзии и философии. Родившийся в 1048 году в Нишапуре, Персия (современный Иран).



*«Вчера я был умен, хотел исправить мир.*
*Сегодня я мудр, и начал с себя...»*
**Омар Хайям.**

Омар Хайям изначально получил признание за свой вклад в астрономию, математику и философию. Несмотря на его достижения на научной арене, непреходящее наследие Хайяма заключается в его поэзии и философских размышлениях. Говорят, что он находил утешение и вдохновение в красоте жизни, что привело его к исследованию глубоких тайн существования посредством стихов. Его поэтические произведения, особенно "Рубаи" (четверостишия), демонстрируют глубокое размышление о природе человека, быстротечности жизни и стремлении к радости.

«Чем ниже человек душой,
Тем выше задирает нос.
Он носом тянется туда,
Куда душою не дорос».

Философия Омара Хайяма – это неподвластное времени богатство мудрости, предлагающее глубокое понимание человеческого опыта. Его стихи затрагивают сферы любви, смертности, времени и стремления к счастью, приглашая читателей поразмыслить о сложностях существования.

«Кто жизнью бит, тот большего добьётся.
Пуд соли съевший выше ценит мёд.
Кто слёзы лил, тот искренней смеётся.
Кто умирал, тот знает, что живёт!»

Омар Хайям в своей философии призывает нас находить счастье в текущем моменте, осознанно ценить быстротечность времени и важность сохранения настоящего момента. Философ высоко ценил в человеческой жизни - настоящее время.

«Не смешно ли весь век по копейке копить,
Если вечную жизнь всё равно не купить?
Эту жизнь тебе дали, мой милый, на время, -
Постарайся же времени не упустить».

Философия Хайяма подчёркивала ценность настоящего момента и быстротечность времени. Он призывал людей наслаждаться удовольствиями настоящего, а не зацикливаться на неопределённости будущего. Его философия, основанная на любви к жизни, нашла отклик на протяжении веков.

«Чтоб мудро жизнь прожить,
Знать надобно немало,
Два важных правила запомни для начала:
Ты лучше голодай, чем что попало есть,
И лучше будь один, чем вместе с кем попало».

Стихи Омара Хайяма часто несут двойной смысл, используя искусную игру слов и метафоры, чтобы передать более глубокие философские истины.

«Молчание – щит от многих бед,
А болтовня всегда вредна.
Язык у человека мал,
Но сколько жизней он сломал».

Философия Омара Хайяма известна своим остроумием, юмором и острыми наблюдениями за состоянием человека. Поэтическое мастерство Хайяма заключается не только в изяществе его языка, но и в его способности превращать сложные идеи в лаконичные и доступные стихи.

«Не делай зла – вернётся бумерангом,
Не плюй в колодец – будешь воду пить,
Не оскорбляй того, кто ниже рангом,
А вдруг придётся, что-нибудь просить.
Не предавай друзей, их не заменишь,
И не теряй любимых – не вернёшь,
Не лги себе – со временем проверишь,
Что этой ложью сам себя ты предаёшь».

Для Хайяма мудрость – это живая, дышащая сущность, вплетённая в ткань повседневной жизни. Его афоризмы предлагают вневременное понимание сложностей человеческих взаимоотношений, стремления к знаниям и поиску смысла в постоянно меняющемся мире.

«В одно окно смотрели двое.
Один увидел дождь и грязь.
Другой – листвы зелёной вязь,
Весну и небо голубое.
В одно окно смотрели двое».

